

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Бенедикт Спиноза: тиянақты ой
және байыпты тұжырым

3-тарау. Жаңа дәуір философиясы.
Ағартушылық философиясы



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 15. Бенедикт Спиноза: тиянақты ой және байыпты тұжырым

Спиноза жеккөрінішті атеист деп те, санасына тек Құдай ғана ұялаған діндар деп те сипатталады. Бір адамның бір уақытта осындай екі түрлі болуы, әрине, мүмкін емес. Шын мәнінде, Спиноза өз бойында Құдайды, табиғатты және адамдарды қамтитын біртұтас рухани тұтастықты қалыптастыруға талпынған рационалды пантеист еді. Оның дәлелдері өте нақты және жүйелі болатын. Олар көп жағынан алғанда Евклидтің теоремасына ұқсас болды. Әр дәуір алғашқы қарапайым пайымдардан алынған салмақты да мұқият ойластырылған дәлелдерге негізделген кешенді философиялық жүйелер құруға ұмтылған философтарымен әйгілі. Спинозаның философиялық ойлары адамдар үшін осындай маңызды рөл атқарды. Ол дүниеге келер алдында ғана Голландия ой еркіндігі принципін жариялады. Осы шағын ел сенімдері немесе пікірлері үшін қудаланғандардың бәрі пана тапқан қасиетті орынға айналды. Сонымен қатар, Голландия радикалды ойшылдар ең құрығанда өздерінің кітаптарын басып шығара алатын жалғыз ел еді. Басқалармен бірге Спинозаға да осы жарияланған еркіндіктің шапағаты тиді.

Өмірі

Бенедикт Спиноза 1632 жылы дүниеге келді. Ол философ, математик және ғалым еді. Спиноза білім жүйесіндегі төңкеріс арнайы мамандандыруды қажеттілікке айналдыра қоймағандықтан, барлық студенттер оқу пәндерінің кең шеңберін зерттеу мүмкіндігіне ие болған уақытта өмір сүрді. Ол жарық дүниенің есігін Амстердамда ашты; оның ата-анасы мұнда инквизицияның қудалауынан бас сауғалап, Португалиядан қашып келген еді. Ол сол замандағы еврей баласы үшін әдеттегі деңгейде білім алды. Спиноза көптеген еврей ойшылдарының еңбектерін зерттеді. Оған ортағасырлық еврей философы, теологі және дәрігері, ақыл мен сенімді бір бастауға тоғыстырып, еврей философиясын Аристотель ілімімен жақындастыруға тырысқан Мұса Маймонидтің еңбектері үлкен ықпал етті.

Спиноза каббаланы да білді. Бірақ ол көп ұзамай дінді бұзушы деп айыпталып, синагогадан жиырма төрт жасында қуылып, линзаларды жалтыратумен айналысып күнін көрді. Оның достары радикалдық протестантизмді ұстанды. Оның меңгерген алғашқы тілі испан тілі болған секілді. Сонымен қатар, ол португал, латын және грек, француз, итальян, иврит және голланд тілдерін де білетін.

Спиноза 1660 жылы Лейденге қоныс аударды. 1663 жылы Гаагаға көшті. Оның алғашқы еңбегі – «Ақылды жетілдіру туралы трактат». Осы еңбектің жазылуына Рене Декарт ықпал етті. Бірақ бұл еңбегінде картезиандықты сынады. Оның келесі еңбегі – «Этика». Бұл туындысында өзінің ойлар мен іс-әрекеттер еркіндігін пайдалануға батылы бармай, жасырын есіммен жариялады. Голландия, біз атап өткендей, басқа еуропалық мемлекеттерде бар цензурадан азат, салыстырмалы түрде либерал мемлекет еді. Осыған қарамастан, бұл кітабы голланд қоғамын да абыржытты. Кітап қатты сыналды да, Спиноза енді ештеңе жарияламаймын деп шешті. Ол «Этиканы» аяқтап, «Діни-саяси трактатты» жазуға кірісті, дүниеден өткендіктен туынды аяқсыз қалды.

1673 жылы Спинозаға Гейдельбергте философия профессоры қызметі ұсынылды, бірақ ол одан бас тартты. Ол өзінің ой еркіндігі шектелгенін қаламады. Оның кітаптары латын тілінде жазылды. Еңбектері логикалық жағынан дәл және геометриялық теоремалар формасында баяндалады. Әйгілі *geometrico demonstrata* – оның философиясының айқын белгілерінің бірі. Спиноза тұжырымдаған аксиомалар пікірлерге негізделді, олардың әрқайсысына нөмір берілді. Өзінің пайымдауларын ол көбіне QED әріптерімен аяқтап отырды: *Quod erat demonstrandum* – дәлелденуге тиіс нәрсе осы дегенді білдіреді. Оның мақсаты – адамдарды ақыл-ой еріксіздігінен азат ету және олардың таным процесінен рақат алуына ықпал ету. Танымның үш түрі бар: зерде, сенім және рационалдық интуиция. Спиноза қоғамдық өмірді – бірге өмір сүру үшін өзара келісімге келген адамдар бірлестігі деп түсінді.

Ол – толығымен рационалист. Оның философиялық еңбектерінің қатаң сипаты өзіндік дүниетанымынан туындайды. Философиялық еңбектерінің салмақтылығы мен дәлдігіне қарамастан оның өзі қарапайым адам болды. Ол бірде: «Көңілділік ешқашан көп болмайды, көңілді болу – қашан да жақсы; екінші жағынан келгенде, меланхолия – ылғи да жаман» деп жазды. Ол 1677 жылы 45 жасында қайтыс болды.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 15. Бенедикт Спиноза: тиянақты ой және байыпты тұжырым

Ойлары

Спинозаның саяси көзқарастары

Спинозаның «Діни-саяси трактаты» – Інжілді сынау мен саяси теорияның қоспасы. Ол – XIX ғасырда ғана кеңірек таралған қазіргі заманғы либералды інжілдік критицизмнің атасы.

Оның саяси ойы табиғи күйде заң болмады деп тұжырымдаған Гоббстың ықпалымен қалыптасты. Спиноза: «Заңға бағынбау туралы мәселе көтерудің өзі мүмкін емес еді. Себебі табиғи күйде заңның өзі әлі болған жоқ, яғни дұрыс немесе бұрыс дегеннің болуы да мүмкін емес», – деген. Ол монархтың бұрыс іске бармайтынына сенімді болды және шіркеу мемлекеттің бақылауында болуы тиіс деп есептеді. Сонымен қоса, бүліктер мен халықтық көтерілістерді айыптады, бірақ азаматтар монархқа өздерінің бүкіл құқықтарын беруі тиіс деп тұжырымдады. Спиноза адам құқықтары мемлекеттік құқықтан пайда болады деп санады ма, әлде олар табиғи құқықтан туындайды деген көзқарасты ұстанды ма – мұны бүгін анықтау қиын.

Спинозаның метафизикасы

Ғалым дүниеде жалғыз ғана субстанция өмір сүреді деп есептеді: «Құдай немесе Табиғат». Аяқталатын нәрсенің бәрі субстанция бола алмайды. Ақыл-парасат пен материя, ой мен кең өріс – Құдайдың атрибуттары. Құдай басқа да көптеген атрибуттарға ие, бірақ біз оларды танып-біле алмаймыз. Адамдардың жандары және дүниеде бар заттардың бәрі өздігінен өмір сүрмейді. Олар Құдіретті болмыстың сыртқы көріністері ғана. Ажалсыздық Құдіретті мәнге ұласуға байланысты. Ол – тұлғасыз; егер біз ажалсыздыққа жетсек, индивид ретіндегі бірегейлігіміз із-түссіз жоғалады.

Құдай – біртұтас жалғыз субстанция. Ол өзінің өмір сүруін өзі туындатады. Оның болмысы қандай да бір сыртқы себептермен түсіндіріле алмайды: субстанциядан тыс болып отырған ештеңе осы субстанцияның мәніне ықпал етпейді. Біз субстанция туралы пайымдағанда, оны табиғат деп түсіне отырып, ең алдымен, оның физикалық қасиеттері мен кең өрісі туралы ойлаймыз. Оны Құдаймен теңестіре отырып, негізінен, ой ұғымын қолданамыз. Спинозаның пікірінше, ой мен кең өріс – «Құдай немесе Табиғаттың» басты екі атрибуты. Бірақ қарапайым адамдар ақыл-ой туралы пайымдағанда, олар оны тәнмен шендестірмейді немесе керісінше.

Оның ойынша, субстанция әртүрлі формаларға ие, ол оларды модустар деп атады. Модустар – субстанцияның өзінен басқа өзге категориялардың негізінде түсіндіріле алатынның бәрі. Олардың дүниеде өмір сүруі субстанцияның бар болуымен түсіндіріледі. Модус ұғымын лимонад көпіршіктерін мысалға ала отырып түсіндіруге болады. Сізде көпіршіксіз сұйықтық, яғни субстанция болуы мүмкін, бірақ сұйықтықсыз көпіршіктер – модустар болуы мүмкін емес. Сондықтан субстанцияның өмір сүруі – модустардың өмір сүруінің қажетті шарты. Жансыз объектілер, өсімдіктер мен жануарлар, адамды қоса алғанда модустар болып саналады. Бұл заттардың өзгермелілігін түсіндіреді. Егер біз модус болсақ, субстанцияның бөліктеріміз. Ол модустардың өмір сүруін алдын ала анықтайды.

Спиноза құбылыстар мен оқиғалардың бәрі алдын ала жоспарланған сценарий бойынша жүреді деп болжамдады. Құдай немесе Табиғат субстанциясы өзінің формасын өзі анықтайды. Оның басты белгілері – ой мен кең өріс. Ол дүниеде бәрі логикалық қажеттілікке негізделген деп есептеді. Осы себепті ақыл-ойға еркін ерік берілмеген, ал физикалық дүниеде жағдайлардың кездейсоқ тоғысуынан ештеңе пайда бола алмайды. Спинозаның ойынша, о дүниедегі өмір және жанның өлмейтіндігі деген болмайды.

Дүниеде болып отырғанның бәрі Жаратушы табиғаттың нәтижесі: оқиға қалай болса немесе дүние қалай жаратылса – содан өзгеше бола алмайды, бұл логикалық түрде мүмкін емес. Спиноза біздің дүниеміз бүкіл дүниелердің арасындағы ең жақсысы дегенде дәл осыны айтқысы келді. Егер біз бірдеңені дұрыс емес, күнәһарлық деп есептесек, бұл – терістің бәрі біз үшін жаман болып саналғандықтан ғана. Теріс шектеулі тіршілік етушінің ойлау деңгейінде ғана өмір сүре алады. Құдайда теріс ештеңе жоқ.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 15. Бенедикт Спиноза: тиянақты ой және байыпты тұжырым

Шектеулі заттар қарама-қарсы ұғымдармен анықталады. «Барлық анықтамалар негативті», – деді Спиноза. Мұны шұңқырмен салыстыра отырып түсінуге болады. Шұңқыр, оның тілімен бейнелесек, шегаралар арқылы анықталады: сіз шұңқырдың өзін көрмейсіз; көретініңіз – оның айналасындағы жердің пішіндері. Шұңқырдың өзі, шын мәнінде, жоқ. Құдай да осылай. Ол бәрінен көрінеді, ол күмәнсіз және шексіз. Осы болжамдардың бәрінен өмір сүріп отырғанның бәрі Құдай немесе, ең аз дегенде, оның бөлігі екені шығады. Осыған байланысты Спиноза пантеист болды деген сөздің жаны бар.

Оның физикаға және дүниенің құрылымына көзқарастары, жалпы алғанда, материалистік және детерминистік болды. Дегенмен дүниенің жоғарыда сипатталған бейнесі аясында ұлы философ – жақсы атаулының бәріне адал болуға және Құдайды қастерлеп, оған осы жүйеден орын табуға тырысты.

Құмарлықтар

Спинозаның психологиялық көзқарастары эгоистік реңкке ие: адамдар өздеріне ғана қызмет етеді. Өзін-өзі сақтауға ұмтылыс – құмарлықтардың негізгі себебі және адамның мінез-құлқын реттеп отырады. Бірақ кейбір кездейсоқтықтар бар: мысалы, махаббат жеккөруге ауысуы мүмкін. Құмарлықтар – көмескі, бұлдыр идеялардың нәтижесінде немесе біз сыртқы факторлардың ықпалына бағынғанда туындайтын сезімдер. Бізде осы сезім туралы дәл және айқын идея, түсінік пайда болғанда сезім құмарлық болудан қалады. Нақты болып отырған және айқын көрінген ортақ белгілеріміз бізді біртұтас ұғымға біріктіреді. Осылай болғанда өзін-өзі сақтаудың мәні түбегейлі өзгереді.

Спинозаның этикалық көзқарастары

Спинозаның пікірінше, жанның немесе ақыл-ойдың ең жоғары игілігі – Құдайды танып-білу. Демек, дана адамдар Құдайды ұғынуды өздеріне мақсат тұтады.

Біздің бастан кешіп жатқанымыздың бәрі сыртқы объективті себептерден туындайды. Оқиғалар мен құбылыстар алдын ала анықталып қойылған. Себебі біздің өзіміз – қандай да бір бәрін қамтитын тұтастықтың, яғни табиғаттың бөліктеріміз. Біз осы аса зор тұтастықтың нақты дүниесін қаншалықты ұғынсақ, дәл соншалықты дәрежеде еркінбіз. Бірақ Спиноза осы толық мағынасындағы еркіндік сөзін терістеді.

Ол қылмыс – интеллектуалдық қателік деп есептеді. Осы жағынан алғанда оның пікірі Сократтың пікіріне толық сай. Адамдардың барлық эмоциялары өткенмен және бүгінмен байланыстырылады. Бірақ, оның түсінігінде уақыт нақты емес, сондықтан эмоциялар ақыл-ойға қарсы. Дана адам дүниені Құдай қалай көрсе, солай мәңгілік тұрғысынан қабылдауға ұмтылады. Болашақ, өткен шақ сияқты, өзгеріссіз. Болашақты белгісіз деп қарастыру – ақымақтық; болашақты осылайша қате болжау үмітпен қоса үрей туғызады.

Спиноза адамдарды үрейдің құлдығынан босатқысы келді. Ол бұлдыр идеялардан туындаған құмарлықтарға – эмоцияларға қарсы болды. Даналық – Құдайға деген интеллектуалды махаббат, сонымен қатар, ой мен эмоцияның одағы. Бұл жағдайда ақиқат ой қуанышпен қауышады. Себебі оның пайда болуы адамның ақиқатты ұғынуына, яғни бәрі Құдайдың бөлігі екенін түсінуге байланысты. Біз оны сүйе аламыз, бірақ оның бізді сүйюі міндетті емес: сүйюші Құдай өзінің жаратушылық мәнін жоғалтады. Оған қандай да бір рақат немесе азап тән емес.

Дегенмен Спиноза Құдайға интеллектуалдық махаббатпен ұмтылғанына қарамастан, өзі діни мистик болған жоқ.

«Этика»

«Этика» Спинозаның ең басты философиялық еңбегі. Ол әрқашан өзін Декарттың рационалды философиясының және ол негіздеген кез келген тұжырымдаманы дәлелдеуде қатаң



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 15. Бенедикт Спиноза: тиянақты ой және байыпты тұжырым

дәйектер келтіруді талап ететін танымының «геометриялық» әдісінің жалғастырушысымын деп санады. Ұстазының әдісін «Этикада» логикалық шегіне дейін жеткізді. Бұл еңбек баяндау мәнері тұрғысынан философиялық трактаттан бұрын, геометрия оқулығына көбірек ұқсайды. Алдымен, негізгі ұғымдар мен терминдердің анықтамасы беріледі. Одан соң дәлелдеуді қажет етпейтін айқын, интуитивті анық идеялар келтіріліп, ең соңында осы дефинициялар мен аксиомалар негізінде дәлелденетін теоремалар тұжырымдалады. Әрине, Спиноза философияның қатаң шеңберлерге сыймайтынын жақсы білді. Сондықтан да еңбегінде көптеген түсіндірмелер береді. Осылайша өзінің философиялық аргументацияларын баяндайды.

Енді «Этикадағы» Спинозаның ең маңызды идеяларына назар аударайық.

- Егер бірдеңе өзін-өзі туындататын болса, ол міндетті түрде өмір сүріп, бар болады.
- Субстанция өзін-өзі туындатады, ол шексіз және еркін. Құдай – жалғыз субстанция.
- Құдай сөзсіз бар. Ол шексіз атрибуттарға ие.
- Біз Құдайдың екі шексіз атрибутын ғана білеміз: олар – ой және кең өріс.
- Ой мен кең өріс – бір субстанцияның сипаттамалары, сондықтан тән деңгейінде болып жатқанның бәрі ақылда да бейнеленеді. Бұлар бір құбылыстың әртүрлі кезеңдері ғана.
- Жалған идея – Құдайды теріс сипаттайтын идея. Дұрыс идеяларға жеткенде, тән өзгерістері туындайды; сонда құмарлықтар құлдығынан азат ететін адами еркіндікке ие боламыз.
- Құдайды танып-білу – ақыл-ойдың ұлы құндылығы.

Спинозаның таным теориясы

«Ақылды жетілдіру туралы трактатта» Спиноза танымның төрт деңгейін белгілейді:

1. Естігеннен алынған білім: басқа адамдардың дәлелдері.
2. Бұлдыр және шатасқан өмірлік тәжірибеден алынған білімді қабылдау: менің басымнан өткен кейбір жағдайлардың басқаларда да, басқалардың басынан өткен кейбір жағдайдың менде де болатынын шамалап білемін.
3. Бір заттың мәні басқа заттан шығарылады. Бірақ айқын емес.
4. Заттар мен құбылыстар олардың мәнін ұғыну арқылы немесе олардың тікелей себебін танып-білу арқылы қабылданады.

Еркіндік және құлдық

Еркіндік хақында философия тарихында сан алуан көзқарастар айтылған. Осы мәселені қозғамай, ол туралы ой толғамай өткен ешбір танымал ойшыл, ешбір философиялық жүйе жоқ десе де болады. Басқа мәселелерде соншалықты сабырлы, салқын күйде ой кешетін даналардың өздері де еркіндікке келгенде айрықша жан тебіреністерін сездіріп тұрады.

Спиноза еркіндікті сөз жүзінде мойындағаны болмаса, шынында еркіндік жалпы табиғатқа, болмысқа сыйыспайтын, болуы мүмкін емес құбылыс деген қорытындыға алып келеді. Оның анықтауынша еркіндік, ол – танылған қажеттілік. Танылмаған қажеттілік адамға соқыр, мылқау әрі дүлей күштей ықпал етеді.

Ол эмоцияларымызды жұмсартуға және бағындыруға әліміз жетпейтін жанның құлдығында өмір сүреміз деп атап көрсетті. Тілектер енжар эмоциялардан пайда болады. Енжар эмоциялар біздің ізгілік пен зұлымдық туралы түсініктерімізді қалыптастыруымызға көмектеседі. Дегенмен адамның идеалдарға жетелеуші позитивті, яғни ақиқат, объективті білімге ие бола алатынын, бірақ дәл осы уақытта теріс қылықтар жасауы мүмкін екенін де жоққа шығаруға болмайды.

Сонымен, біздің өміріміз еріксіздікте, енжар эмоция құлдығында өтеді. Мұндай өмір ақыл-ойға негізделген ізгілікті өмірге қарама-қарсы. Егер біз ақыл-ойға жүгіне отырып әрекет етсек, ізгілікті іс істейміз. Еркін болып, эмоциялар құлдығына түспеу үшін ақылға жүгіну керек. Жек көру адамдардың бір-біріне ұқсас және жалпы игілікке ие екенін түсінбегенімізден пайда



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 15. Бенедикт Спиноза: тиянақты ой және байыпты тұжырым

болады. Біз осыны санамызбен ұғынғанда ғана қоғамның басқа мүшелеріне зұлымдық тілеуді тыямыз.

Түйін

Спиноза ұлы философтардың арасындағы ең сыйлы, ең ізгі және ең танымал тұлға деп саналады. Ол игі дүниетанымға ие адам болды. Философия мен дін ол үшін біртұтас еді және осы сенімдеріне сай өмір сүрді. Ол даңқ пен байлыққа ұмтылмады; күнкөріс қаражаты да қарапайым болды.

Оның барлық оқиғалар белгісіз бір логикалық қажеттіліктің нәтижесі екеніне сенімі қазіргі логикаға және ғылыми әдіске сәйкес бола алмайтынын атап өту керек. Адамдар деректерді рефлексияның, яғни пайымдаулардың көмегімен емес, бақылау арқылы зерттейді. Болған оқиға туралы дұрыс қорытындылар жасай отырып, біз санамызда өзімізге белгілі деректерді ғана біріктіреміз. Қорытындыларымыздың дұрыстығы кейбір бейтұлғалық логикалық күштің іс-әрекетіне мүлде тәуелді емес.

Спиноза көбіне қазіргі заманғы ғылыми көзқарастың негізін салушы болып саналады. Мұның себебі – оның болып жатқан оқиғаларды натуралистік тұрғыдан түсіндіруге ұмтылуынан, оларды «ғаламат жоспарды» жүзеге асыруға қатыстылығын анықтау арқылы түсіндіруге тырыспауынан. Бірақ не десек те ғылыми зерттеулер саласында қолданылатын әдіс – оның өз философиясында қолданған әдіс емес.

Ғалымның этикасы біз адам мүмкіндігінің өте шектеулі екенін сезінген сәттің өзінде де ізгілікпен өмір сүруіміздің қаншалықты керек екенін көрсетуге ұмтылады. Спиноза адам өмірдегі сәтсіздіктерден, қайғы-қасіреттен немесе өлімнен соншалықты қорықпауы немесе толқымауы тиіс деп есептеді. Шынына келгенде, біз өз үрейімізді өзіміз жеңе аламыз. Бірақ адам табиғаты өзіміз жақсы көретін адамдардың сезімдері мен эмоцияларын басымыздан өткізуге мәжбүрлейді. Сонда бізді сезімтал ете түсетін алауыздықтар мен бақытсыздықтар өзара үйлесімді болғаны ма? Адамның өмірі Ғаламның түйіршік бөлшегі ғана екені туралы ой бізді жұбата ала ма?

Спинозаның басты мақсаты – таным теориясын немесе жетілген қоғамдық басқару теориясын құрастыру емес еді. Ол ақыл-ойды тыныштандыру жолдарын және адами құмарлықтар құлдығынан құтылу тәсілдерін ғана іздеді. Еркіндік дегеніміз – құмарлықтардан арылу, оған дана адам нақты дүниені мәңгілік тұғырынан қарастырғанда жетеді деген оның түсініктері туралы сіз не ойлайсыз?

Ол өзінің ойларын адами азаптарға толы болмыстан қомақтырақ бірдеңені қарастыруға шоғырландырды. Мұндай философиялық көзқарастың эгоцентризмді жоюға жарап қалатын кездері де болады.

Дүниенің Құдай мен адам табиғатының біртұтас нақты әлемге бірігуіне негізделген философиялық бейнесі Оның өзі қайтыс болғаннан кейінгі жүздеген жылдар бойы әртүрлі ойшылдарды қызықтыруын жалғастыра берді. Бұл қызығушылық тіпті толастамайтын тәрізді.

Қорытынды

Спинозаның басты идеясы – әу бастан дәлелденген ақиқат ретінде қарастырылатын субстанция. Ол әлемде бір ғана субстанция, яғни Құдай немесе табиғат бар деп есептеуден танбады. Біз Құдай туралы айтқанда, оны себеп ұғымымен түсіндіреміз, табиғат туралы айтқанда – оны нәтиже деп ойлаймыз. Оның философиялық жүйесі механистік және тұлғасыздандырылған болды. Декарт пен Спинозаның ойлары – рационалистік философияның үлгілері. Рационалист философтар ғаламның бар екеніне және оның рационал үлгіде өмір сүретініне сенімді болды. Негізгі принципін адам тек ақыл-ойы арқылы ұғына алады деп ойлады. Мұндай көзқарастардың бастапқы нүктесі логика еді және олар математикаға тән әдістерді де қолданды.